

Орман қоры жерлерінің жекелеген учаскелерін басқа санаттағы жерлерге ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 23 желтоқсандағы № 1129 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 130-бабына және Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 51-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Ақкөл ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесі" және "Ұланбел ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесі" коммуналдық мемлекеттік мекемелерінің (бұдан әрі – мекемелер) жалпы ауданы 28,44 гектар жер учаскелері орман қоры жерлері санатынан өнеркәсіп, көлік, байланыс жері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер санатына ауыстырылсын.

2. Жамбыл облысының әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жер учаскелерін көмірсутек шикізатын өндіру және электр беру желілерін салу үшін "QazaqGaz барлау және өндіру" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (бұдан әрі – серіктестік) беруді қамтамасыз етсін.

3. Серіктестік (келісу бойынша) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес орман алқаптарын орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін оларды алып қоюдан туындаған орман шаруашылығы өндірісінің шығыстары мен шығындарын республикалық бюджет кірісіне өтесін және қажет болған жағдайда алынған сүректі көрсетілген мекемелердің балансына беру арқылы алаңды тазарту жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 23 желтоқсандағы
№ 1129 қаулысына
қосымша

Орман қоры жерлері санатынан өнеркәсіп, көлік, байланыс жері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер санатына ауыстырылатын жерлердің экспликациясы

Ж е р пайдаланушы ның атауы	Жалпы ауданы, гектар	оның ішінде, гектар:				
		орман көмкерген	о р м а н көмкермеген	жайылымдар	шабындықтар	басқа жерлер
1	2	3	4	5	6	7
Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасын ың "Ақкөл ормандарды ж ә н е жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесі" ж ә н е Ұланбел ормандарды ж ә н е жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесі" коммуналдық мемлекеттік мекемелері	28,44	3,3586	21,7477	0,0222	-	3,3115
Барлығы:	28,44	3,3586	21,7477	0,0222	-	3,3115